



# Eñbekşiqazaq

www.mezet.kz

enkaz@mail.ru



Еңбекшіқазақ аудандық қоғамдық-саяси апталық • Еңбекшіказахский районный общественно-политический еженедельник

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ 10 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

№9 (7208)

28.02.2025.

## Аудан әкімі Талғат Байеділовтің құттықтаулары Алғыс айту күні

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды көктемнің ең алғашқы шуақты мерекесі – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Президентіміз егемендік жылдарындағы табыстарға береке-бірліктің арқасында қол жеткізгендігімізді атап, бұл күнді өзара құрмет пен сенімнің, мейірім мен ізгіліктің мерекесі деді.

Осы күні еліміздің азаматтары бір-біріне ерекше ілтипат көрсетіп, ризашылығын білдіреді. Сондай-ақ татулық, ынтымақ, достық сынды қастерлі құндылықтар жан-жақты дәріптеледі. Мұның бәрі ұлтты ұйыстырудың ұтымды жолы екені сөзсіз.

2025 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтеді. Бұл ұйым еліміздегі этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайтуда маңызды рөл атқарып келеді.

Бүгінде Еңбекшіқазақ ауданы халқының бірлігі бекем. Барлық істе жерлестеріміз ауызбіршілік танытып келеді. Халқымыздың «Ауыз-біршілігі мықты ел озады» деген даналығы маңызын жойған емес. Бірлігі жарасқан ел ғана көш бастайды. Сондықтан татулығымызды сақтап, бір-бірімізге алғыс айтудан шаршамайық!

Осы орайда тынымсыз тер төгіп, ауданымыздың көркеюіне өз үлесін қосып жүрген азаматтарға алғыс айтамын. Баршаңызға бақ-береке және мол игілік тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

## Рамазан айы

Құрметті жерлестер!

Сіздерді қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – күллі мұсылман қауымы үшін мән-маңызы айрықша мезгіл.

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайтын осы айда төзімділік, жанашырлық, имандылық сияқты құндылықтар кеңінен дәріптеледі.

Ата-бабамыз Рамазанды «он екі айдың сұлтаны» деп ардақтаған. Ораза ұстаған жамағатқа ауызашар беріп, бір-біріне ерекше құрмет көрсеткен. Салт-дәстүрімізбен сабақтас асыл дініміз ғасырлар бойы Ұлы далада елдің бірлігін және қоғамның тыныштығын сақтау жолында маңызды рөл атқарып келеді.

Мейірімділік айында халқымыз игі істерін еселеп, сауапқа кенеле берсін! Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!  
Ораза қабыл болсын!

## Еңбекшіқазақ-2025

Құрметті оқырмандар!

Аудан жаңалықтарының жаршысы «Еңбекшіқазақ» газетіне 2025 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке барлық пошта бөлімшелерінде жазылуға болады.  
Газет индексі 66541.

Уважаемые читатели!

Идет подписка на газету «Еңбекшіқазақ» на 2025 год.  
Подписку вы можете оформить в любом отделении почты.  
Подписной индекс 66541.

Мәслихат



## Тыңғылықты жұмыстар мен маңызды межелер сараланды

Жуырда аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтті. Аталған жиында өткен жылғы жұмыстарға есеп беріліп, 2025 жылға жоспарланған бірқатар мәселелер қамтылды. Жиынды аудандық мәслихат төрағасы Бекет Ахметов жүргізді.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша «Өзіне жүктелген функциялары мен міндеттер аясында бекітілген салалар бойынша жергілікті атқарушы органның қызметін ұйымдастыру бағытында есепті кезеңде атқарылған жұмыстар және аудан аумағындағы өзекті мәселелерді шешу бағытында жолданған хаттамалық қаулылардың, депутаттық сауалдардың, мәслихат шешімдерінің орындалуы, 2025 жылға жоспарланып отырған жұмыстары туралы» аудан әкімінің орынбасары Рустам Бакиев сөз алды.

– Ауыл шаруашылығы өнімдері 100 млрд 798 млн теңгені, мал шаруашылығы өнімі 63 млрд 442 млн теңгені құрады. Алайда, 2024 жылы өткізілген актуализацияның нәтижесінде егіс көлемі 9 мың гектарға азайып, соның есебінен өсімдік шаруашылығының өнімі 36 млрд 116 млн теңге болды. 2025 жылға 110 млрд теңге көлемінде ауыл шаруашылығы өнімі өндіріледі деп жоспарлануда, – дей келе егістік пен су

үнемдеу жұмыстары бойынша өз есебін берді. Сондай-ақ былтырғы жылмен салыстырғанда биыл мал басы 143 мың басқа көбейгенін мәлімдеді.

Жиын барысында аудандық мәслихат депутаты Назгүл Садықова ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, жер қатынастар, ветеринария салаларына қатысты туындап отырған мәселелер жөнінде депутаттық ұсыныстары мен сауалдарын жолдады. Бұл орайда депутат «Ауыл аманаты» бағдарламасының орындалу жұмыстары, жайылымдық жерлерді ел игілігіне табыстау, су тарифтерінің өсуі, өнімдерді сату сынды бірқатар өзекті мәселелерді алға тартты. Жиын соңында Бекет Ахметов көтерілген мәселелер бойынша нақты тапсырмалар беріп, хаттамаға енгізді.

Тұрақты комиссиялар отырысы аудандық әкімдіктің үлкен залында Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаттың XXXVII сессиясымен жалғасты. Аукымды жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, басқарма және бөлім басшылары, мәслихат депутаттары, Есік қаласы мен ауылдық округ әкімдері, өзге де мемлекеттік құрылымдардың өкілдері қатысты.

(Соңы 2-бетте).

## Н.Тілендиевтің туғанына – 100 жыл



## Ән өуелеген аспанда күмбірлеген күй төгілді

Қазақ даласын сахнаға айналдырып, сазға бөлеген ұлы тұлға, «Халық Қаһарманы», композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің туғанына биыл 100 жыл. «Алатау» мен «Саржайлауды» әнге арқау етіп, «Махамбеттің» ерлігін, «Халық қуанышын», «Ата толғауын» қос ішекпен халық жүрегіне жеткізген композитордың «Өз елінде» «Құстар әні» шықалды. Композитордың туғанына 100 жыл толуына орай Т.Молдағалиев атындағы мәдениет үйінде халықтық ұлт аспаптар оркестрінің концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды.

Шараға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы, ақын, композитор, Мәдениет қайраткері Төлеужан Ғұмаров, аудан әкімі Талғат Байеділов, мәслихат төрағасы Бекет Ахметов қатысты. Концерттік

бағдарламаның шымылдығы оркестрдің орындауында Түркештің «Көңілашарымен» түрілді. Н.Тілендиевтің «Ата толғау», «Әлқисса», «Махамбет», «Аңсау» Сүгірдің «Бозинген», «Ыңғай төк», Құрманғазының «Адай», Абайдың «Торжорға», Ахметбек Әлпекұлының «Жылқышы» күйлерін орындаған оркестр, «Аққу» күйін орындаған Назерке Сұлтанғали көпшіліктің қошеметіне бөленді.

(Соңы 2-бетте).